

"Қазақстан-2050" Стратегиясы:

бір мақсат-бір -мүдде-бір болашақ!"

Тәрбие сағатының мақсаты :

- Оқушыларды Отанын сүюге, бірлікке, ел тарихын білуге, Отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу.



Қазақстан 2050





Қазақстан әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдама бағыттары

- Экономика салаларын нарыққа шығару ;
Мобильді, мультимедиялық, ғарыштық технология ;
Шағын бизнес, ауыл шаруашылығына жаңа технологияны енгізу ; Тауарларды өз елімізде өндіру;
- Жасыл экономика көшу;
Бизнес-2020 ж
Білім беру жүйесі
Заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелер
Білікті мамандар
Денсаулық сақтау саласы



Қазақстан 2050

- АСТАНА. 17 қаңтар. ҚазАқпарат - "ҚазАқпарат" Халықаралық ақпарат агенттігі ҚР Президентінің баспасөз қызметі ұсынған Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауының толық мәтінін таратады.

Біздер, қазақстандықтар - бір халықпыз!

Біз үшін ортақ тағдыр - бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел - жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.

- Біріншіден, бұл - Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы.
Екіншіден, бұл - қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.
Үшіншіден, бұл - зайырлы қоғам және жоғары руханият.
Төртіншіден, бұл - индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.

Бесіншіден, бұл - Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.
Алтыншыдан, бұл - тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.
Жетіншіден, бұл - еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.



Қазақстан 2050

- Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман - тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді.



Қазақстан 2050

«Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі.



Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік Ел!

Бұл - әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық..

Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана - Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.

- деген елбасымыздың қорытынды сөзімен тәрбие сағатын аяқтаймын

Сөйлемді аяқта

- «-біздің табысты
болашағымыздың негізі
Елбасы жолдауы-..... қолдауы

- Тыңдап сабаққа қатысқандарыңыз үшін көп рахмет!